ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 қараша № 4360-24-00-2/3049 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қожакент ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«HALYK» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Самат Сапарұлы Маханбет

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қожакент ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «HALYK» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Самат Сапарұлы Маханбет мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «HALYK» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Самат Сапарұлы Маханбеттен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы
көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «13» қаңтар 2025 жылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 02.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.01.2025, судья Әбілқайысқызы А., 13.01.2025
«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»
4360-24-3-1/3180